

MINOR «ПРАКТИКАЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ»

Бағдарламаның ерекшеліктері: Білім беру ортасында әрбір білім алушының мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін және ерекшеліктерін ескере отырып, студенттерге сапалы білім беру мен қолайлы орта құруға бағытталған процесс. Практикалық инклюзия бағдарламасы студенттерге қолжетімді білім беру, психологиялық қолдау, академиялық және әлеуметтік бейімделу арқылы олардың мүмкіндіктерін толыққанды ашуға бағытталған. Әрбір студенттің жеке қажеттіліктері мен оқу стилін ескере отырып, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Білім беру процесіне бейімделген оқу-әдістемелік материалдарды дайындау. Әр студенттің өз бетінше дамуға ынталандыру яғни студенттердің тәуелсіздігі мен жауапкершілігін дамытуға көмектеседі.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Практикалық инклюзия бағдарламасының негізгі мақсаты –студенттерге білім беру процесінде ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша ұғым қалыптастырып, олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау және білім алуда, кәсіби өсу мен қоғамға бейімделуде қолдау көрсету. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолайлы физикалық, әлеуметтік және цифрлық жағдай жасау.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

ОН1- Студенттер оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеріп, білім беру стандарттарына сәйкес қажетті теориялық базаны игереді;

ОН2- Студенттер инклюзияның негіздерін, принциптерін және оның білім беру жүйесіне қалай әсер ететінін түсінеді. Бұл түсінік оларды инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындайды;

ОН3-Әр түрлі физикалық, психикалық немесе эмоционалдық қажеттіліктері бар адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді;

ОН4- Әлеуметтік ортада тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету яғни студенттер инклюзияны қамтамасыз ететін әлеуметтік әдістер мен стратегияларды игеріп, адамдарға тең мүмкіндік берудің маңыздылығын түсінеді;

ОН5- Студенттер инклюзивті білім беру мен әлеуметтік қатынастарда алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға үйренеді;

ОН6- Инклюзивті білім беру саласындағы инновациялық әдістерді зерттеу арқылы студенттер инклюзивті білім беру саласында қолданылатын жаңа әдістер мен технологиялар туралы білім алады.

ОН7-Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бейімделген білім беру бағдарламасының құрылымын пайдаланып, олардың әлеуметтік интеграциясы мен қатысуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімдер мен дағдыларға ие болады;

ОН8-Инклюзивті білім берудегі оқу кеңістігі мен оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ажыратады;

ОН9- Ерекше қажеттіліктері бар балалардың интеграциясын және ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру үдерісіне бейімделуі мен табысты оқуын қамтамасыз етеді;

ОН10- Бейімделу қабілеті арқылы оқушылардың жаңа ортаға, жағдайларға жылдам бейімделіп, өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытады;

ОН11- Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы жағдай жасау, соның ішінде оқу, жұмыс немесе қоғамдық шараларға қатысу үшін бейімдеу дағдыларын меңгереді;

ОН12- Студенттер инклюзивті білім беру мен әлеуметтік ортада тең мүмкіндіктер мен әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық және мемлекеттік деңгейде жұмыс істеу үшін қажетті білімді алады.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптастыр. оқу нәтижелері
			Лекция	Прак/зерт	СӨЖ	СӨЖ		
1	Жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру	5	15	30	30	75	Жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды, сонымен қатар қалыпты балаларды, бірдей білім беру ортасына қосу арқылы тең және сапалы білім алуға мүмкіндік беру процесі. Бұл барлық балалардың тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Мұндай орта тек білім алуға емес, сонымен қатар, әрбір балаға қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өзін сезінуге мүмкіндік береді.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4
2	Бейімделген оқу бағдарламасын әзірлеу	4	15	30	30	75	Бейімделген оқу бағдарламасын әзірлеу – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу процесін тиімді ету үшін стандартты оқу бағдарламаларын өзгерту немесе қосымша элементтерді қосу арқылы бейімдеу процесі. Бұл бағдарлама әрбір оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жасалады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету үшін жасалатын маңызды қадам. Мұндай бағдарлама баланың қабілеттерін толық ашуға, білім алуға деген қызығушылығын арттыруға және оның әлеуетін дамытуға бағытталған.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4
3	Бейімделген білім беру бағдарламасын практикалық жобалау	5	15	30	30	75	Бейімделген білім беру бағдарламасын практикалық жобалау – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру процесін бейімдеуге бағытталған нақты әрекеттерді жүзеге асыру. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады және әрбір оқушыға жеке бағытталған әдістерді қолдануды талап етеді. Практикалық жобалау оқушылардың қажеттіліктеріне негізделген нақты, икемді және нәтижеге бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың әлеуетін барынша іске асыруға көмектеседі.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4

